

ӘОЖ 330  
ГТАМР 06.39.41

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ДАМУЫ

С.Б. КУСАЙНОВА<sup>1</sup>, Ж.А. АБУТАЛИПОВА<sup>1</sup>

(<sup>1</sup>Алматы технологиялық университеті, Қазақстан, Алматы)  
E-mail: Kusainova.Saulie@mail.ru, zvezda\_05.80@mail.ru

*Шағын және орта бизнесті жан-жақты қолдау әрқашан мемлекеттік саясаттың басымдығы болды. Бұл мақалада шағын кәсіпкерлікті қолдау және дамыту, шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды ынталандыру жөніндегі мемлекеттік экономикалық саясаттың маңызды салалары қаралды. Шағын және орта бизнеске тікелей қатысы бар мамандар арасында жүргізілген сараптамалық сауалнама барысында елімізде шағын және орта кәсіпкерлікті қарқынды дамыту үшін қажетті жағдайлар жасалғаны анықталды. Бұл ретте сұралғандардың 37,5% - ы бұл жағдайларды қалыпты деп бағалады, сауалнамаға қатысушылардың соңша "жағдай бар, бірақ жекелеген проблемалар бар" деп мәлімдеді және сарапшылардың 18,8% - ы "жалпы жағдайды анықтайтын басты" деп жауап берді.*

**Негізгі сөздер:** кәсіпкерлік, шағын кәсіпкерлік, жаһандану, нарық, бюджет.

## ПОДДЕРЖКА И РАЗВИТИЕ МАЛОГО БИЗНЕС-ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

С.Б. КУСАЙНОВА<sup>1</sup>, Ж.А. АБУТАЛИПОВА<sup>1</sup>

(<sup>1</sup>Алматинский технологический университет, Казахстан, Алматы)  
E-mail: Kusainova.Saulie@mail.ru, zvezda\_05.80@mail.ru

*Всесторонняя поддержка малого и среднего бизнеса всегда была приоритетом государственной политики. В данной статье рассмотрены важные сферы государственной экономической политики по поддержке и развитию малого предпринимательства, стимулированию государственной поддержки малого предпринимательства. В ходе экспертного опроса, проведенного среди специалистов, имеющих непосредственное отношение к малому и среднему бизнесу, было выявлено, что в нашей стране созданы необходимые условия для интенсивного развития малого и среднего предпринимательства. При этом 37,5% опрошенных расценили эти условия как нормальные, столько же участников опроса заявили, что «условия есть, но существуют отдельные проблемы», и 18,8% экспертов дали ответ: «в целом главные, определяющие условия созданы».*

**Ключевые слова:** предпринимательство, малое предпринимательство, глобализация, рынок, бюджет.

## SUPPORT AND DEVELOPMENT OF SMALL BUSINESS ENTREPRENEURSHIP IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

S.B. KUSAINOVA<sup>1</sup>, J.A. ABUTALIPOVA<sup>1</sup>

(<sup>1</sup>Almaty Technological University, Kazakhstan, Almaty)  
E-mail: Kusainova.Saulie@mail.ru, zvezda\_05.80@mail.ru

*Comprehensive support for small and medium-sized businesses has always been a priority of state policy. This article discusses the important areas of the state economic policy to support and develop small business, to stimulate state support for small business. In the course of an expert survey conducted among professionals directly related to small and medium-sized businesses, it was found that in our country the necessary conditions for the intensive development of small and medium-sized businesses. At the same time, 37.5% of respondents considered these conditions as normal, the same number of respondents said that "there are conditions, but there are some problems", and 18.8% of experts replied: "in General, the main, defining conditions have been created".*

**Key words: entrepreneurship, small business, globalization, market, budget.**

### *Kipicne*

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы еліміздің алдына жаңа өршіл мақсат қойып отыр.

Ол – әлемнің дамыған отыз мемлекетінің қатарына кіру.

«Қазақстан-2050» Стратегиясында кәсіпкерлікті ұлттық экономиканың жетекші күші ретінде жан-жақты қолдау әрі шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесін 2030 жылға қарай екі есеге арттыру міндеті қойылды. Ал, Елбасының биылғы жолдауында бизнесті дамытуға кедергі келтіретін барлық енжар құқықтық нормалардың күшін жою және шағын бизнес ұрпақтан-ұрпаққа берілетін отбасы дәстүріне айналуға тиіс екендігі айтылды [1].

Елбасы өзінің жыл сайынғы Жолдауларында бизнеске ерекше назар аударып келеді. Бұл шағын және орта бизнестің дамуына бұрынша қолдау жасау керектігін және осы бағытта атқарылатын жұмыстардың өзектілігін көрсетеді. Демек, жалпы кәсіпкерлік саласын дамыту бойынша тиісті шаралар қабылданыны және тың бастамаларды ынталандырудың жаңа жүйесі жасалып, отандық кәсіпкерлерді қолдаудың тетіктері жетілдірілетіні анық. Нәтижесінде, шағын және орта бизнесті дамыту – ХХІ ғасырдағы Қазақстанды индустриялық және әлеуметтік жаңғыртудың басты құралы болып қалады.

Қазақстан Республикасының “Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау:

- өндіріспен айналысатын шағын кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік тіркеу кезеңінен бастап алғашқы үш жыл ішінде қозғалмайтын мүлікке тіркеу құқығына ақыдан босату:

- өндірістік қызметпен айналысатын шағын субъектілеріне жер учаскелерін жерді пайдалану актісін беруге ақы алмай беру;

- электроэнергиясы, жылу, сумен жабдықтау және канализацияның қуатына қосылу, мемлекеттің қатысуымен екінші деңгейдегі актта есепшот ашу бойынша ақыдан босату;

- шағын субъектілердің қаржы-шаруашылық қызметіне жылына бір реттен көп емес тексеруді белгілеу.

Ірі компанияларға оларға ұсынылған мемлекеттік тапсырыстардың бір бөлігін бәсеке негізінде шағын кіспорындарға беруге міндеттеу керек. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің инвестициялық қызметін мемлекеттік реттеу келесілер арқылы қамтамасыз етіледі:

- шағын кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік инвестиция бағдарламасына қатысуы;

- халықтың салымдарын құнды қағаздар арқылы инвестицияға өзгерту механизмін жасау;

- бюджеттен тыс көздерді тарту саласына шағын кәсіпкерлікті қолдау бойынша қорлар қызметін және басқа арнайы институттарды белсендіру;

- шағын кәсіпкерлікпен жұмыс істейтін коммерциялық банктер және басқа қаржы институттары үшін жеңілдіктер жүйесін дамыту;

- жоғары тиімділігі бар инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне үлестік шартпен тікелей қаржылық қолдау көрсету.

Мысалы, шағын көлік кәсіпорындары халықаралық транзиттік сауданың дамуына ойдағыдай қатыса алады. Негізгі жүк ағындарының түйіскен Евразия орталығындағы елеулі экспорттық әлеует және қолайлы көлік - географиялық жағдай Қазақстанда халықаралық транзиттік сауданы дамыту үшін қолайлы алғашқы шарттар жасайды:

- Қазақстан Республикасының территориясы бойынша шетел көліктерінің және жолаушыларының транзиті және оларға жүру жолдары бойынша қызмет көрсету;

- шетел тауарларын жеткізу және оларды әрі қарай үшінші елдерге (реэкспорттау) кері экспорттау;

- шетел тауарларын жеткізу және олардың экспорттық өнімдер өндірісіне технологиялық қатысуы, әрі қарай экспортқа шығару [2].

#### ***Зерттеудің нысандары мен әдістері***

Зерттеу объектісі мен әдістері болып Қазақстан Республикасының Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік күшейту және дамытуды белсендіру шараларын және шағын кәсіпкерлікті қолдау, дамыту жөніндегі мемлекеттік экономикалық саясаттың маңызды сферасын қарастырудағы іс-ірекеттердің негізгі көздері алынған.

#### ***Нәтижелері мен оларды талқылау***

Қазақстанда кәсіпкерліктің құрылу мен даму негіздері кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың Мемлекеттік бағдарламаларында көрсетілген болатын. ҚР Президентінің “Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік күшейту және дамытуды белсендіру шаралары туралы” Жарлығына сәйкес шағын кәсіпкерлікті қолдау және дамыту мемлекеттік экономикалық саясаттың маңызды сферасы болып саналады.

Қазақстан Республикасы Конституциясында былай жазылған: «Әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар». Бәрімізге мәлім, өндірістің негізгі факторлары табиғи, еңбек, өндірістік ресурстар болып табылады. Нарықтық экономика кезінде осы фактордардың жұмыс істеп, қозғалысқа түсуіне әсер ететін нақты күш бар. Олар: іскерлік, басқару және өз мүмкіндіктерін белгілі бір мақсатта жетістікке қол жеткізуге пайдалана білу икемділігі. ҚР-ң экономика және сауда министрлігінің жанынан шағын кәсіпкерлікке қолдау көрсету департаменті құрылған, ал оның жанынан 2 кеңес құрылған, біріншісі нормативтік және заңнамалық актілердің жобаларын зерттеуге арнап кәсіпкерлік құрылымдардан құрылған шағын бизнесті қолдау жөніндегі кеңес, екіншісі ведомствоаралық – мүдделі министрліктер мен ведомстволардың өкілдерінен құрылған, ол Президенттің кәсіпкерлік қызметті жандандыру жөніндегі Жарлығын жүзеге асырумен айналысады. Шағын және орта бизнесті нығайтудың қажеттігі туралы елбасы Н.Ә.Назарбаев үнемі айтуда.

Президенттің Қазақстан халқына арналған Жолдауларының басты міндеттері:

- салықтық ауыртпалықты азайту;
- меншік мүлкі мен активтерді заңдастыру;

- несиелік ресурстарға қол жеткізуді жеңілдету;

- әкімшіліктік рәсімдер мен рұқсат алуды жеңілдету;

- бюрократтық бастық пен бақылау-тексеру органдарынан қорғау;

- шағын және орта бизнесті қолдаудың аймақтық орталықтарын құру;

- маркетингтік зерттеулерді жүргізуде көмек көрсету;

- біліктілігін көтеру.

Кәсіпкерлікті жан-жақта қолдау – ұлттық экономиканың жетекші күші.

Осы стратегиялық бағытты шешу аясында Н. Ә. Назарбаев елімізде бизнесті дамытудың аса мол мүмкіндіктері бар екенін атап өтті. Осыған орай, кәсіпкерлікті қолдаудың тетіктері жетілдірілді, бизнестің өсуіне кедергі жасайтын қателіктер жойылды. Сол себептен отандық кәсіпкерлік жаңа экономикалық бағыттың кіші және ірі бизнестің үлесі 2030 жылға дейін кем дегенде екі есеге өсуі керек. Н. Ә. Назарбаевтың ойы бойынша тапсырма кешенін шешкен жағдайда орындалуы мүмкін болады.

Біріншіден, адам өзін бизнесте сынап көруіне, елде экономикалық өзгерістердің толық құнды қатысушысы болуға, кәсіпкерлік бастамаларды ынталандыруға, отандық өндірушілерді қолдау тетіктерін жетілдіруге, ұсақ кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлердің орта деңгейге көшуге қажетті жағдайдар мен алғышарттар жасауға мүмкіндік жасау керек [3].

Бүгінгі күні еліміздегі экономиканың модернизациясы әлемдік шағын және орта кәсіпкерліктің жаһандану процесімен қатар келеді. Бұл шағын және орта кәсіпорындардың бәсекеге тұрарлық болуына белгілі бір шамада кері әсер береді. Модернизация барысында Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлікті дамытудың басты мақсаттары да көрсетілген:

- мемлекеттің әлеуметтік дамуына әсер ететін кәсіпкерлікке барлық жағдайды жасау;

- отандық өнімдерді дамыту үшін барлық потенциалдарды дамыту және

- оларды нарыққа шығару;

- шағын және орта кәсіпкерлікті селективті түрде қолдау.

Соның арқасында бәсекеге тұрарлық өнімдер мен кәсіпорындар санын көбейту.

Жаһандану үдерісі де кәсіпкерлікке жаңа талап қояды, бірақ ол уақыттың еншісінде болса да, экономиканың жаңа, кең масштабты

моделін жасауға ықпал етеді. Жаңа технологиялар, ғылым базасына негізделген шағын кәсіпкерлік үлкен компанияларға айналып, нарықтың белгілі сегменттерінің (әртараптан-дырумен байланысты) орнын баса алады. Жаһанданудың осындай ерекшеліктері шағын және орта кәсіпкерлікті әлемдік деңгейде дамытады. Интеллектуалды меншікке байланысты шағын және орта кәсіпкерлік экспорттық потенциалды және жоғарғы технологиялы өнімді өсіре алады.

#### **Қорытынды, тұжырым**

Елбасы жыл сайынғы Жолдауында бизнесті қолдау керектігін айтады. Президент бір сөзінде «Еңбек етуші халықтың 60%-ы шағын және орта бизнесте жұмыс істеген кезде Қазақстан тұрақтылыққа қол жеткізетін болады» деген еді. Сондықтан, дамыған елдердегідей шағын және орта бизнесте жұмыспен қамтылғандардың үлесін 26%-дан 60%-ға дейін көтеру керек, және орта кәсіпкерлікке байланысты саясат жаһандану жағдайында кәсіпорындарға бизнес ортасындағы өзгерістерге бейімделуге, ақпарат берудегі кемшіліктерді жоюға, нарыққа қатысушыларды ақпаратпен қамтамасыз етуге, капиталдар мен жаңа технологияларға қол жеткізуге және отандық кәсіпорындардың шығынын азайтуға көмек беруі керек. Мемлекеттің сұранысына қарай, саясат шағын және орта кәсіпкерлікті экологиялық тазалығы жағынан, халықаралық деңгейге жету жағынан және әлемдік сапа стандарттарына негізделген түрде қарастыру қажет. Бұдан басқа кәсіпкерлікке тікелей байланысты және кәсіптің еркешелік қажеттілігіне байланысты бүкіл сұрақтар қамтылуы тиіс.

Еліміздегі шағын және орта кәсіпкерліктің басты бағыттары:

- экспортқа тауар тауар шығаратын кәсіпорындағы ерекше қолдау көрсету,

- жұмыс атқарып жатқан кәсіпорындар мен жаңадан тағы құрылған кәсіпорындардың субъектілерін қолдау;

- шағын және орта кәсіпкерліктің түрлі потенциалдарын таныстыруды дамыту.

Шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы қаржылық қамтамасыздандыру, салық салымдарының үлкен жүйесімен, мемлекет пен кәсіпорындар арасындағы келіссөздер, серіктестікке деген стимулдың жоқтығы сияқты мәселелермен қиындатылады. Бәсекеге тұрарлық отандық кәсіпорындардың аз болуы ескі технологиялардың қолдануына, капиталға оңайлықпен қол жеткізе алмауына, транспаренттіктің жоқтығымен, мамандардың жоқтығымен, аз әсерлі саясатпен өте тығыз байланысты. Осы орайда, айта кететін жайт, шағын және орта бизнесті дамытуда кәсіпкерлердің әлеуетіне сенім арту керек және осы бағытта жұмыстарды жандандыру арқылы мол мүмкіндіктердің болатынына да сенім арқанымыз жөн. Демек, Қазақстандағы шағын және орта бизнесті дамыту – ХХІ ғасырдағы индустриялық және әлеуметтік жаңғыртудың басты жаңаша құралы болып қалатынында.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы //Официальный сайт Президента РК [Электрондық ресурс] URL: [www.akorda.kz/.../memleket-basshysypanazarbaevty-n-kaz](http://www.akorda.kz/.../memleket-basshysypanazarbaevty-n-kaz). (дата обращения 08.01.2018 г.).

2. Нұрғалиева, А.А. Кәсіпкерлік, текст: оқу-құралы.–Алматы: «Экономика», 2016. - 276 б.

3. Елшібаев, Р.Қ. Шағын және орта бизнесті ұйымдастыру. текст: оқу-құралы.–Алматы: «Экономика», 2016. - 172 б.